Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицей

# Тақырыбы: «Күдікті зат анықталған кездегі әрекеттер»

Сыныбы: 2 «Г»

Сынып жетекші: Мүсілімова Қарлығаш

Scanned with CamScanner

Бекітілді: --  --------
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:Қиымов Ғ.

| | | |
|---|---|---|
| ...дагогтің аты-жөні | Мүсілімова Қарлығаш | |
| ...ні: | 05.02.2025 ж | |
| ...нып: 2 «Г» | Қатысушылар саны:24 | Қатыспағандар саны: |
| ...бақтың тақырыбы | Күдікті зат анықталған кездегі әрекеттер | |
| ...рбие сағатының мақсаты<br><br>Құндылық | Адам өмірін құтқару үшін төтенше қызмет нөмірлерін есте сақтау. «Есте сақта!» Өрт күзеті 101, Полиция 102, Жедел жәрдем 103, 112 Бірыңғай құтқару қызметі 112 «111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы білу.Егер де күдік тудыратын зат тауып алсаңызол фактіні назардан тыс қалдырмау керек.<br>Жасампаздық және жаңашылдық | |
| Апта дәйексөзі<br><br>Көрнекілігі: | «Жасампаздық – бәрімізге өнеге»<br><br>Суреттер,слайд,таратпалар. | |

| Жоспарланған уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Ресурстар |
|---|---|---|---|
| Басы | Психологиялық ахуал қалыптастыру. Ұйымдастыру кезені<br>«Кім жылдам?» ойынын ойнау допты қағып алып сұрақтарға жауап беру. | Танымайтын кісіден кез-келген затты алуға бола ма?<br>Бөгде кісімен сөйлесуге бола ма? | Психологиялық ахуал. |
| Ортасы | Жаңа сабақ: Егер де күдік тудыратын зат тауып алсаңыз, ол фактіні назардан тыс қалдырмаңыз:<br>1) *Қоғамдық көлікте:* заттың (сөмкенің және т.б.) кімдікі екенін немесе кім қалдырып кетуі мүмкін екенін қасыңыздағы адамдардан сұраңыз;егер иесі анықталмаса, табылған зат туралы дереу жүргізушіге немесе кондукторға хабарлаңыз. 2) *Үйіңіздің кіре берісінде:* көршілерден сұраңыз, мүмкін ол зат соларға тиесілі шығар. Егер иесі анықталмаса, табылған зат туралы дереу құқық қорғау органдарына хабарлаңыз (тел. 102, 112).<br><br>3) *Көшеде, саябақта және т. б.:* айналаңызға қараңыз, егер мүмкіндік болса, заттың иесін анықтауға тырысыңыз. Егер ол анықталмаса, үлкен кісілердің немесе ата-аналарына айтып құқық қорғау органдарына шұғыл хабарлау керек (тел.102, 112);<br><br>Затты бөгде адамдардан оқшаулауға немесе алыс | Берілген сұраққа жауап беріп, өз ойларын білдіру<br><br>Берілген тапсырмаларды орындайды. | Ақпараттық мәтін<br><br>Үлестірмелі қағаздар<br><br>Суреттер<br><br>Тірек-сызбалар<br><br>Дәптер |

Scanned with CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| арадан затқа бөтендерді жібермеуге тырысыңыз. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері келген бойда зат табылған уақыт туралы ақпарат беріңіз.<br><br>4) *Мекемелерде, мектеп, ұйымдарда:* тауып алған зат туралы объект күзетшісіне немесе әкімшілігіне дереу хабарлаңыз.Табылған затпен немесе күдік тудыратын заттармен жеке **іс-қимыл жасауға тырыспаңыз,** олар жарылғыш құрылғылар болуы мүмкін, бұл жарылыска, көптеген құрбандыққа, қирауға әкелуі мүмкін.<br><br>**Топтық тапсырмалар беріледі.**<br><br>Дәлізден белгісіз қорапша тауып алдың қандай әрекет жасайсың?<br><br>Бөгде кісі саған сомкесін беріп мектепке алып баруға ұсыныс жасаса?<br><br>**Үзілді-кесілді тыйым салынады:**<br><br>Табылған затты ұстауға, ашуға және орнынан қозғауға, бір жерден екінші жерге апаруға, қолға алуға;<br><br>Табылған затты қалтаға, портфельге, сөмкеге салуға және т.б.;<br><br>Жерге көмуге немесе оларды су қоймаларына тастауға;<br><br>Заттардан шығып тұрған сым темірлерді немесе сымдарды үзіп тастауға немесе тартуға, оларды залалсыздандыруға тырысуға;<br><br>Табылған заңсыз затты пайдалануға;<br><br>оған жақын аралықта радио- және электрлі – аппараттарын, ұялы телефондарды пайдалануға.<br><br>**<u>Білім алушылардың іс-әрекеттері:</u>**<br>- үрейленбеңіз, қандай жағдайда да білім беру ұйымының мұғалімдері мен қызметкерлерін тыңдаңыз;<br>- табылған затты ұстамаңыз, ашпаңыз және орнынан жылжытпаңыз;<br>- қажет болған жағдайда қорғауды қамтамасыз ететін заттардың артына тығылыңыз *(ғимараттың бұрышы, баған, қалың ағаш, автокөлік және т. б.);*<br>- объектіден шығу, мүмкін болмаған жағдайда- күрделі құрылыстың артына және қажетті қашықтықта жасырыну. - білім алушылар мен тәрбиеленушілерге «Қауіпсіз бұрыш» табыңыз; | Балалар тыңдап түсінгенін<br><br>айтады,сұрақтарға<br><br>жауап береді.<br><br>Тапсырманы топта бірлесе орындайды.<br><br>Оқушылар өз пікірлерін айтады. | парақшалар<br><br>Үлестірмелі қағаздар<br><br>Суреттер<br><br>Тірек-сызбалар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | - жарықты сөндіріп және компьютерлердің мониторларын өшіріңіз, ұялы телефондарды дыбыссыз сигналға қойыңыз;<br>- білім алушылар мен тәрбиеленушілер үшін тыныштықты қамтамасыз ету; | | |
| ны | .Оқушыларға қауіпсіздік ережесін үйрету:<br>Мұғалім: бүгінгі сабағымызды қорытындылайық? Бүгінгі сабағымызда не туралы сөйлестік? Кері байланыс: «Стикерлер»<br>• Мен нені үйрендім?<br>• Маған не қызықты болды?<br>• Маған не түсініксіз болып көрінді?<br>Менің келесі сабақта нені білгім келеді? | Балалар бір біріне деген тілектерін білдіреді.<br>Оқушылар стикерлерге жеке ойларын жазады: | |

Scanned with CamScanner

Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп- лицейінің 2 «Г» сыныбында 05.02.2025 ж «Күдікті зат анықталған кездегі әрекеттер» атты өткізілген сынып сағатына ұсынылған

Анықтама

Мақсаты: Оқушыларға адам өмірін құтқару үшін төтенше қызмет нөмірлерін есте сақтау. «Есте сақта!» Өрт күзеті 101, Полиция 102, Жедел жәрдем 103, 112 Бірыңғай құтқару қызметі 112 «111 жедел қызметі» байланыс орталығы балалар мен ересектер өздеріне көмек қажет екендігі туралы білді.Егер де күдік тудыратын зат тауып алсаңы сол фактіні назардан тыс қалдырмау керектігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Оқушылар топта бірлесе тапсырмалар орындады,өз пікірлерімен бөлісті.

Көрнекіліктер: тақырыпқа байланысты суреттер.слайдтар.

Күні: 05.02.2025 жыл.

Сынып жетекші:Мүсілімова Қарлығаш

Scanned with CamScanner